



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 м

14.08

№

321

Ақмол ауылы

село Акмол

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты жаңа редакцияда бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға, «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызмет ерекшелігін ескере отырып және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзектендіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін.

2. Жауапты тұлға Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметкерлерін бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен белгіленген тәртіппен таныстыруды қамтамасыз етсін.

3. Жауапты тұлға бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған, Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген, сондай-ақ Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің функциялары мен өкілеттіктері өзгерген жағдайда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қайта қарау және өзектендіру қамтамасыз етілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау заңгер Жанпеисова Жанеркеге жүктелсін.

Басшы



Т.Қаратаев

004838

Қосымша
«Ақмола облысы білім
басқармасының Целиноград
ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесі
басшысының бұйрығына

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ
«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім
бөлімі» мемлекеттік мекемесі
жаңа редакцияда

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар), аталған мемлекеттік мекеменің қызмет ерекшелігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін ескере отырып әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт – Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған ұсынымдар жүйесі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаттары:

- 1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары мен өзге де сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу;
- 2) Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру және нығайту;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасын қалыптастыру;

5) Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметінің ашықтығы мен объективтілігін арттыру.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі міндеттері:

- 1) Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі қызметкерлерінің орнықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және барынша азайту;
- 3) мүдделер қақтығысының алдын алу және оны болдырмау және реттеу жөнінде шаралар қабылдау;
- 4) қызметкерлердің құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің деңгейін арттыру;
- 5) басқарушылық және өзге де шешімдер қабылдау кезінде заңдылықты, объективтілікті және ашықтықты қамтамасыз ету;
- 6) жеке және заңды тұлғаларға тең қатынасты қамтамасыз ету;
- 7) сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, анықтау және олар туралы хабарлау тетіктерін жетілдіру.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі қағидаттары:

- 1) заңдылық;
- 2) адалдық;
- 3) объективтілік;
- 4) ашықтық және есептілік;
- 5) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу;
- 6) мүдделер қақтығысының алдын алу;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;
- 8) құзыреті шегінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен көріністеріне міндетті түрде ден қою.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметкерлері лауазымдық міндеттерін атқару және берілген өкілеттіктер шегінде қызметті жүзеге асыру кезінде қолданады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына мынадай жағдайларда ұсынымдар белгілейді:

- 1) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде;
- 2) мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде;
- 3) басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде;
- 4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде;
- 5) кадр жұмысын жүзеге асыру кезінде;
- 6) нормативтік құқықтық және ішкі құжаттардың жобаларын дайындау кезінде;
- 7) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу кезінде;
- 8) жеке және заңды тұлғалармен, мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде;

9) Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің құзыреті шегінде өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде.

2-тарау. Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттары

8. Лауазымдық міндеттерін атқару кезінде Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметкерлері:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты басшылыққа алады;
- 2) адал, объективті, бейтарап және әділ әрекет етеді;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтайды;
- 4) кемсітушілікке, негізсіз артықшылық беруге не жекелеген жеке немесе заңды тұлғаларға артықшылық жасауға жол бермейді;
- 5) қызметтік және іскерлік әдеп нормаларын сақтайды;
- 6) жеке тұлғаларға, заңды тұлғалардың өкілдеріне және әріптестеріне сыпайылық, әдептілік және құрмет көрсетеді;
- 7) берілген өкілеттіктер шегінде қабылданатын шешімдердің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді;
- 8) қызметтік жағдайын, қызметтік ақпаратты, мемлекеттік мүлікті және өзге де берілген ресурстарды жеке, топтық немесе өзге де қызметтік емес мүдделерге пайдаланбайды;
- 9) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді, сондай-ақ қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді таратпайды;
- 10) құқық бұзушылықтар жасауға жол бермейді;
- 11) мүліктік немесе өзге де пайда алу мақсатында жеке және заңды тұлғаларға қысым көрсетпейді;
- 12) Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметін негізді сынға алған адамдарды қудалауға жол бермейді;
- 13) жеке сипаттағы мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де адамдардың қызметіне араласу үшін қызметтік жағдайын пайдаланбайды;
- 14) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, еңбек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтайды.

9. Жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметкерлері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде өз құзыреті шегінде ақпарат береді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген құжаттар мен мәліметтерді талап етпейді;

- 3) жасанды кедергілер жасамайды және өтініштер мен құжаттарды карауды негізсіз созуға жол бермейді;
- 4) жеке мүдделілік, қысым немесе заңнамада көзделмеген өзге де факторлардың әсерімен шешімдер қабылдамайды;
- 5) лауазымдық өкілеттіктер шеңберінде әрекет жасағаны немесе әрекетсіздігі үшін ақша қаражатын, сыйлықтарды, көрсетілетін қызметтерді немесе өзге де материалдық және материалдық емес игіліктерді талап етпейді және қабылдамайды;
- 6) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға көндіру фактілері туралы заңнамада белгіленген тәртіппен дереу хабарлайды.

3-тарау. Мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу

10. Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметкерлері лауазымдық міндеттерін атқару кезінде мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

11. Мүдделер қақтығысы туындаған немесе оның туындау мүмкіндігі болған кезде қызметкер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің тікелей басшысына не Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің басшылығына жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

12. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, қызметкер мүдделер қақтығысы бар мәселе бойынша оны болдырмау және реттеу жөніндегі заңнамада көзделген шаралар қабылданғанға дейін лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асырмайды.

13. Мүдделер қақтығысы туындаған кезде басшы оның алдын алу және реттеу жөнінде заңнамада көзделген шараларды қабылдайды.

14. Тікелей басшыда мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда қызметкер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жоғары тұрған басшыға не өзге де уәкілетті тұлғаға жүгінеді.

15. Қызметкерлер өздері, туыстары, жақын адамдары немесе өзге де тұлғалар үшін жеке, мүліктік не өзге де пайда алу мақсатында қызметтік жағдайын пайдаланбайды.

16. Қызметкерлерді тағайындауға, ауыстыруға, көтермелеуге, жауапкершілікке тартуға және қызметін бағалауға байланысты кадрлық және өзге де рәсімдерді жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысы болған жағдайда шешім қабылдауға жол берілмейді.

4-тарау. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету және өзге де мемлекеттік функцияларды іске асыру кезінде Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметкерлері:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету туралы заңнамасының талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) қызмет алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі, мерзімдері және

нәтижелері туралы толық әрі дұрыс ақпарат береді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген құжаттар мен мәліметтерді талап етпейді;

4) созбаландыққа, мерзімдерді негізсіз ұзартуға және жасанды кедергілер жасауға жол бермейді;

5) қызмет алушыларға тең қатынасты қамтамасыз етеді;

6) шешімдерді тек берілген өкілеттіктер шегінде қабылдайды;

7) мемлекеттік қызметтердің сапасын, қолжетімділігін, үнемділігін және тиімділігін тұрақты жетілдіру жөнінде шаралар қабылдайды;

8) жеке пайда алу үшін қызметтік жағдайды пайдалануға жол бермейді.

18. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға көндіру фактілері анықталған кезде қызметкер бұл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің басшылығына не тиісті мемлекеттік органдарға хабарлауға міндетті.

5-тарау. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде

19. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын басшылыққа алады.

20. Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен әлеуетті өнім берушілердің теңдігі;

2) сатып алу рәсімдерінің ашықтығы мен айқындығы;

3) шешім қабылдаудың объективтілігі;

4) мүдделер қақтығысына жол бермеу;

5) бәсекелестікті негізсіз шектеуге жол бермеу;

6) бюджет қаражатын ұтымды және тиімді пайдалану;

7) мемлекеттік сатып алуды өткізуге байланысты ақпаратты құжаттандыру және сақтау қамтамасыз етіледі.

21. Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әлеуетті өнім берушілерге қойылатын шектеулер мен талаптар, оның ішінде атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелердің болуы және заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен Бұрышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілуіне байланысты шектеулер сақталады.

22. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын қызметкерлерге:

1) жекелеген әлеуетті өнім берушілерге негізсіз артықшылықтар беруге;

2) жекелеген әлеуетті өнім берушіге артықшылық жасау мақсатында ақпаратты жария етуге;

3) нақты өнім берушінің мүддесіне шешім қабылдау мақсатында конкурстық комиссиялардың және өзге де тұлғалардың қызметіне араласуға;

4) әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілерден сыйлықтар, ақша қаражатын,

қызметтерді немесе өзге де пайдаларды қабылдауға;

5) мүдделер қақтығысы болған кезде шешім қабылдауға қатысуға жол берілмейді.

6-тарау. Басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде

23. Басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметкерлері:

- 1) тек берілген өкілеттіктер шегінде әрекет етеді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, объективті деректерге және құжатпен расталған мән-жайларға негізделеді;
- 3) қабылданатын шешімдердің негізділігін, объективтілігін және ашықтығын қамтамасыз етеді;
- 4) жеке, топтық немесе өзге де қызметтік емес мүдделер үшін шешім қабылдауға жол бермейді;
- 5) жекелеген жеке немесе заңды тұлғаларға негізсіз артықшылық беруге жол бермейді;
- 6) мүдделер қақтығысының туындағаны туралы хабарлайды;
- 7) өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға көндіру фактілері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарлайды;
- 8) берілген тапсырманың заңдылығына күмән болған жағдайда тікелей басшыға, қажет болған жағдайда – заңнамада белгіленген тәртіппен жоғары тұрған басшылыққа жүгінеді;
- 9) егер мұндай жәрдемдесу қызметтік өкілеттіктерді пайдалануға байланысты болса және заңсыз пайда алуға әкеп соғуы мүмкін болса, кәсіпкерлік немесе өзге де қызметті жүзеге асыруға жәрдем көрсетпейді;
- 10) қызметтік ақпаратты жеке мақсаттарда немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдаланбайды.

24. Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметкерлері басшыларға, әріптестерге және өзге де лауазымды тұлғаларға кейіннен мүліктік немесе өзге де пайда, артықшылық не мәселенің қолайлы шешімін алу мақсатында сыйлықтар бермейді және қызметтер көрсетпейді.

25. Сыйлықтарды қабылдау, алу, беру, қайтару және есепке алу мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

26. Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың, жекжаттардың және өзге де байланысты тұлғалардың бірлескен қызметіне (жұмысына) байланысты шектеулер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен қолданылады.

27. Жұмысқа қабылдану кезінде кандидат Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінде заңнамаға сәйкес тікелей бағыныстылыққа немесе бақылауға жол берілмейтін тұлғалардың бар-жоғы туралы мәліметтерді хабарлауға міндетті.

7-тарау. Персоналды басқару саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

28. Кадр жұмысын жүзеге асыру кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және еңбек туралы заңнамасының сақталуы;
- 2) қызметкерлерді іріктеу, тағайындау, ауыстыру, жоғарылату және көтермелеу рәсімдерінің объективтілігі мен ашықтығы;
- 3) кадрлық материалдарды караудың белгіленген мерзімдерінің сақталуы;
- 4) іріктеу рәсімдерін өткізу кезінде кандидаттардың мүмкіндіктер теңдігі;
- 5) фаворитизмге, протекционизмге және негізсіз артықшылық берудің өзге де нысандарына жол бермеу;
- 6) қызметкерлер мен кандидаттардың дербес деректерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғау;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол бермеу;
- 8) қызметтік тергеп-тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізу қамтамасыз етіледі.

29. Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасу конкурстарын өткізу кезінде конкурстық рәсімдердің ашықтығы мен объективтілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпараттық жүйелер мен цифрлық құралдар қолданылады.

30. Кадрлық рәсімдерді өткізу кезінде шешімдерді тек туыстық, достық, мүліктік немесе өзге де жеке байланыстар негізінде қабылдауға жол берілмейді.

8-тарау. Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінде басшылықты жүзеге асыру және өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде

31. Басшылар мен өзге де лауазымды тұлғалар:

- 1) бағынысты қызметкерлердің міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерінің көлемін нақты айқындайды;
- 2) еңбек жүктемесін біркелкі және негізді бөлуді қамтамасыз етеді;
- 3) қызметкерлер қызметінің нәтижелерін объективті бағалайды;
- 4) көтермелеу және тәртіптік жазалар қолдану кезінде объективтілікті қамтамасыз етеді;
- 5) дөрекілікке, адамның қадір-қасиетін қорлауға, кемсітушілікке, негізсіз айыптауға және өзге де әдепсіз мінез-құлық нысандарына жол бермейді;
- 6) қызметкердің өкілеттіктерінен анық шығатын не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін тапсырмаларды бермейді;
- 7) жеке сипаттағы мәселелерді шешу үшін қызметтік жағдайын пайдаланбайды;
- 8) бағыныстыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға мәжбүрлемейді;
- 9) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу жөнінде уақтылы шаралар қабылдайды;

10) мемлекеттік мүліктің сақталуын және оны ұтымды әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

11) қызметтік автокөлікті және өзге де мүлікті пайдалану кезінде заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

32. Басшы бағынысты қызметкерден Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерді жасауды талап етуге құқылы емес.

33. Қызметкер заңсыз тапсырма туралы заңнамада белгіленген тәртіппен хабарлауға құқылы.

9-тарау. Нормативтік құқықтық және ішкі құжаттардың жобаларын дайындау кезінде

34. Нормативтік құқықтық актілер мен ішкі құжаттардың жобаларын дайындау кезінде Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінде:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін сақтау;

2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау;

3) құжат жобасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің құзыретіне сәйкестігі;

4) тұжырымдардың анықтығы, айкындылығы және бірмағыналылығы;

5) еркін түсіндіруге жол беретін ережелердің болмауы;

6) жекелеген жеке немесе заңды тұлғаларға негізсіз артықшылықтар жасауға жол бермеу;

7) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жағдай жасайтын ережелерге жол бермеу;

8) құжаттардың жобаларын мүдделі құрылымдық бөлімшелермен белгіленген тәртіппен келісу;

9) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін есепке алу және оларды барынша азайту жөнінде шаралар қабылдау қамтамасыз етіледі.

35. Құжаттардың жобаларына мынадай ережелерді енгізуге жол берілмейді:

1) Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің құзыретінен тыс шығатын;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарына негізсіз шектеулер белгілейтін;

4) жекелеген тұлғаларға негізсіз артықшылықтар, жеңілдіктер немесе преференциялар беретін;

5) мүдделер қақтығысының туындауына жағдай жасайтын;

6) еркін түсіндіруге жол беретін анықталмаған немесе екіұшты талаптар белгілейтін.

36. Нормативтік құқықтық актілердің жобалары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен нормативтік құқықтық актілердің ашық интернет-порталында жария талқылау үшін орналастырылады.

37. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жұртшылықтың қатысуы қамтамасыз етіледі.

10-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, ашықтық және есептілік

38. Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру жөнінде мынадай шараларды қамтитын шаралар қабылдайды:

- 1) ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту және өзге де іс-шаралар өткізу;
- 3) қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын жеткізу;
- 4) қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық көріністері туралы хабарлау тәртібі жөнінде ақпарат беру;
- 5) мүдделер қақтығысының алдын алу жөнінде іс-шаралар өткізу.

39. Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде өз қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

40. Қолжетімділігі шектеулі ақпарат, дербес деректер және заңмен қорғалатын өзге де ақпарат жария етуге жатпайды.

41. Бұқаралық ақпарат құралдарымен, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтық қоғамның өзге де институттарымен өзара іс-қимыл жасау кезінде Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметкерлері өз құзыреті шегінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет етеді.

11-тарау. Сыбайлас жемқорлық көріністері туралы хабарлау

42. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының жасалғаны немесе жасалуы мүмкін екені, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға көндіру, заңсыз пайда алу немесе беру фактісі туралы білген Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметкері бұл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарлауға міндетті.

43. Хабарлама Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің басшылығына, тікелей басшыға не тиісті мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жіберілуі мүмкін.

44. Егер хабарлама тікелей басшыға қатысты болса, қызметкер жоғары тұрған басшыға не тиісті мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүгінуге құқылы.

45. Болжамды сыбайлас жемқорлық көріністері туралы адал ниетпен хабарлағаны немесе сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларға қатысканы үшін қызметкерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен қудалауға жол берілмейді.

46. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлық көріністері туралы хабарламаларды қарауға байланысты өздеріне белгілі болған мәліметтердің құпиялылығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтауға міндетті.

12-тарау. Қорытынды ережелер

47. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің қызметкерлері лауазымдық міндеттерін Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің құзыреті шегінде атқару кезінде қолданады.

48. Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы қызметкерлердің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен танысуын қамтамасыз етеді.

49. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

50. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың іске асырылуын бақылауды Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы берілген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

51. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған, Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген, сондай-ақ Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің функциялары мен өкілеттіктері өзгерген жағдайда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қайта қаралуға және өзектендірілуге тиіс.

52. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің басшысының бұйрығымен бекітіледі.

53. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың ережелері Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмеуге тиіс.

54. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың ережелері тиісті өзектендірілгенге дейін қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.